

bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
<https://bilimger.kz>
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:
KZ45VPY00102718

2020

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

«Гүлдер әлемі»

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73579/>

МКҚК «Қошақан» балабақшасы

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі:

«Қоршаған ортамен таныстыру»

Тақырыбы: « Гүлдер әлемі»

Тәрбиеші: Аманкулова А.И

Қажымұқан ауылы 2020ж

Тақырыбы: «Гүлдер әлемі»

Білім беру саласы: Әлеумет

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Қоршаған ортамен таныстыру.

Мақсаты:

Білімділік: Гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің түр – түстерін ажырата білуге баулу. Өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру.

Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру.

Дамытушылық: Сөздік қорын молайту, тілдік белсенділік қызметін арттыру. Гүлдердің түр-түстерін есте сақтау, қабылдау, ойлау сезімдерін дамыту.

Тәрбиелік: Туған елінің табиғатына, гүлдер мен өсімдіктерге қамқорлық көрсетуге, күтуге, сүйіспеншілікке жастайынан тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: слайд, гүлдердің суреттері, қойылған бөлме гүлдері,

Әдіс- тәсіл: әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап.

Әрекет -кезеңдері: Тәрбиешінің әрекеті, Балалардың әрекеті.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбер: Күн саулесін, шашқан үшін рахмет! Таза ауа саған рахмет! Бұлт жанбыр сепкең үшін рахмет! Ағаш көленке үшін рахмет! Жер жомарттығы үшін рахмет! Табиғат сұлулығы үшін рахмет</p> <p>Балаларға әр орталықтың белгілері таратылады.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберін құрып, өлең жолдарын айтады. <i>Балалар өздері қалаған белгілерді алады.</i></p>

<p>Ұйымдастырушы—лық-ізденістік</p>	<p>Балалар табиғат дегеніміз бізді қоршаған орта екен. -Ал осы біздің қоршаған ортаны әсемдікке, әдемілікке бөлеп тұрған не нәрселер? -Балалар енді мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр, сол жұмбақтың шешуін тауып көрейік. Жұмбақ: Өзі сондай нәзік, Су құйсан кетеді, Алақаның жайып. Балалар бүгінгі оқу қызыметінде осы гүлдер туралы болмақ. Балалар, гүлдер-тірі табиғатқа жатады екен. Дала гүлдері және бөлме гүлдері болып. -Гүлдер өте әлсіз, әдемі және хош иіс береді екен. Олар бізге көтеріңкі көңіл сыйлайды екен. -Ендеше көңілімізді, назарымызды бейне камераға аударайық (слайд көрсету, бөлме және дала гүлдері жайлы). Балабақшадағы гүлдер: <i>Фигус, қазтамақ</i>(пелоргония, <i>спаттифиллум</i>)әйел бақыты,<i>хлорофитум, сансевиерия, жүсіп сұлулығы, каланхое.</i> Сергіту сәті: Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алып. Қанатымды бір қағып, Гүлдерге ұқсап жайқалып. <i>Бірінші орталық: Зерттеу</i> орталығы. Зерттеу орталығында гүлді отырғызамыз, өсіреміз.</p> <p><i>Екінші орталық: Таным</i> орталығы. Ол орталықта әр-түрлі дәнді дақылдардан гүлдерді құрастырамыз. -Біз нешінші орталықта отырмыз... ? -Қандай сан. ?.. -Сен қай қолыңмен жұмыс жасайсың? <i>Үшінші орталық: Шығармашылық</i> орталығы. Шығармашылық саласында гүлдерді саламыз, жапсырамыз. -Балалар өздері қалаған орталыққа барып жұмыс жасайды. -Балалар мен сендерге тәжірибе жүзінде гүлді қалай отырғызу, қалай күтіп баптау керектігін көрсетемін. Алдымен гүлдің өскінін қиып алып, оның тамыры шыққанша суға салып қоямыз. Арналған қаушаққа, құнарлы топырақ салып, тамыры бар өскінді сол топыраққа отырғызамыз. Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, гүлдердің су ішуіне көмектеседі, сондықтанда оларға су құйып, топырағын қопсытып отырамыз. -Балалар, гүлдер өздерінше қуанада, мұнаяда алады екен. -Балалар жұмыс жасауға кіріседі. -Балалар біз не істеп жатырмыз? -Еңбек туралы кім қандай тақпақ біледі</p> <p>Балалар, гүлдер жайлы тақпақ білесіңдер ме? Шығармашылық орталығы: Түрлі -түсті қағаздардан гүлдерді жапсырады. Гүлдер туралы қандай тақпақ білесіңдерме? Зерттеу орталығына барып сұрақ-жауап қойылады.</p>	<p>-Табиғатымызды әсемдікке бөлейтін құстар. -Табиғатымызға көрік беретін ағаштар. -Табиғатымызға әсемдік сыйлап тұрған гүлдер.</p> <p>Балалардың жауабы: -Гүлдер.</p> <p>Балалар экранға назар аударады.</p> <p>Қимыл- қозғалыс жасайды.</p> <p>Екінші 2 Оң қолыммен</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Топырақты таяқшамен қопсытамыз; 2. Жапырақтарының шаңын жұмсақ шүберекпен сүртеміз; 3. Су құямыз; 4. Жапырақтарына су бүркейміз. <p>Біз еңбектеніп жатырмыз. Бірінші бала: <i>Гүл өсірсен терлеп, Мұнын аты еңбек. Кесте тіксен ерлеп, Мұнын аты еңбек. Қырға шықсан жерлеп, Мұнын аты еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.</i> Екінші бала: <i>Күн шуағын төккенде, Гүл тереміз алуан деп. Шығып алып көктемде.</i></p> <p>-Балалар жұмыс жасай бастайды.</p> <p>-Иә, білеміз. Үшінші бала: <i>Гүлдер, гүлдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер. Өсе берші нұрланып, Өсе берші ырғалып. -Ия, білеміз. —Балалар тақпақтарын айтады. Гүлім, гүлім, өсе бер, Әдемі боп, асыл боп. Күндей жайнап кете бер, Қызыл, сары, жасыл боп.</i> Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>
--	---	---

Рефлексиялық-түзетушілік	Слайд арқылы Мнемокестемен қорытындылау. -Балалар біз бүгін оқу қызметінде нелермен таныстық? -Қандай орталықтарға бардық? <i>Гүлдерді өсіріңдер, тимеңдер</i> <i>Көктем етіп жайқалтыңдар үйлерде</i> <i>Гүл - достықтың, гүл - жастықтың белгісі</i> <i>Гүл өсірші, сұлулықты сүйгендер - деп бүгінгі</i> «Балдырған» ересектер тобының «Гүлдер әлемі» атты оқу іс-қызметімізді аяқтаймыз. Енді балалар орнымыздан тұрып қонақтармен қоштасайық.	Балалар: «Сау болыңыздар» — деп қоштасады.
---------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: Гүлдер туралы, қызғалдақ, бақбақ гүлдері туралы, гүлдің сабағы, жапырағы, күлтесі болатындығын білуі керек.

Жаңғырта алады: Гүлдерге қамқорлықпен қарау керектігі туралы түсініктері болуы керектігін жаңғырта алады.

Қолданады: Гүлді әр -түрлі заттардан жасау керектігін білу керек, сұрақтарға жауап бере қолдана алады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.